

**"Астана қаласының және Ақмола облысының шекараларын өзгерту туралы" Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 29 желтоқсандағы № 1736 Қаулысы  
Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**  
«Астана қаласының және Ақмола облысының шекараларын өзгерту туралы»  
Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы Қазақстан  
Республикасы Президентінің қарауына енгізілсін.

*Қазақстан Республикасының*  
*Премьер-Министрі* *С. Ахметов*

**Астана қаласының және Ақмола облысының шекараларын өзгерту туралы**

«Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы» 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының 9-бабына сәйкес **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

1. Осы Жарлыққа қосымшаға сәйкес Астана қаласы жерлерінің жалпы алаңы 17,1 гектар бөлігін Ақмола облысының Целиноград ауданының шекарасына және Ақмола облысы Целиноград ауданы жерлерінің жалпы алаңы 17,1 гектар бөлігін Астана қаласының шекарасына қосып, Астана қаласының және Ақмола облысының шекаралары өзгертілсін.

2. Осы Жарлық алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.  
*Қазақстан Республикасының*  
*Президенті* *Н.Назарбаев*

*Қазақстан Республикасы*  
*Президентінің*  
*2012 жылғы «        »*  
*№        Жарлығына*  
*қосымша*

**Астана қаласының Ақмола облысының шекарасына қосылатын жерлері бөлігінің және Ақмола облысының Астана қаласының шекарасына қосылатын жерлері бөлігінің экспликациясы**

Р/с №	Әкімшілік-аумақтық бірліктің атауы	Оның ішінде				Өзге де жерлер

		Барлығы жерлер гектар)	егістік (	көпжылдық көшеттер	шабындық	жайылым	Ауылшаруашылық алқаптарының жиыны	
1	Астана қаласы	17,1000 (Ақмола облысының шекарасына қосылатын)	-	-	-	-	-	17,1000
2	Ақмола облысының Целиноград ауданы	17,1000 (Астана қаласының шекарасына қосылатын )	17,1000	-	-	-	17,1000	-

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК